| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
| Апта [illegible] | [illegible] | | | | |
| Күні | 04.03-06.03.2024ж | | | | |
| Өт[illegible]тың атауы | Жылғалардан су ақты / Бегут талые воды / Spring | | | | |
| [illegible] атауы, тобы | | | | | |
| [illegible]ты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, кеңістерді жуу; астауға су құю. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Қуыршақ қонаққа баруға дайындалады" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | Санамақтар айтқызу.<br>Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,<br>Сейсенбіде серуен құрдық далада,<br>Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,<br>Бейсенбіде би биледік әндетіп.<br>Жұма күні жидек тердік қыратта,<br>Сенбі күні кино көрдік.<br>Жексенбіде үйде болып демалдық,<br>Осылайша өте шықты бір апта. | "Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.<br>Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады.<br>Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. | "Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.<br>Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Менің жылы тонды киюімнің себебі, ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек.<br>Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз,...", "Қолшатыр алған себебіміз,..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. | "Кім көп біледі?" сөздік ойыны.<br>Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы жаттығу** (5мин) | **Кешенді жаттығулар**<br>Бас бармақ бастық екен,<br>Сұқ саусақ сақтық екен,<br>Ортан қол ойшыл екен,<br>Аты жоқ саусақ тойшыл екен,<br>Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен.<br>Бастық басқар, сақтық сақтар,<br>Ойшыл ойла, тойшыл тойла.<br>Саусақтарды бүгеміз,<br>Саусақтарды бүреміз.<br>Бүгіп, бүріп саусақты,<br>Сергіп қалдық, міне, біз. | | | | |
| **Таңғы ас** (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Ауызыңа тамақты толтырып сөйлеме!<br>Тамақты өте мұқият шайнай ғой,<br>Рақмет айтуды ұмытпа! | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге! | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейірімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шуғылалы Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан, апакай! | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу".<br>Мақсаты. Ойынға қатысатын балалар бөлмеден шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы орындай алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге! | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Көктем келді суретімен танысу".<br>Мақсаты. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау.<br>*Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?".*<br>**Сурет салу**<br>"Тамшылар".<br>Мақсаты. Балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Таза бұлақ".<br>Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету.<br>*"Сарбаздар" пысықтау ойыны.* | **Музыка**<br>"Көктем келді, апацай!"<br>Мақсаты. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту.<br>*"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Көктем тамшылары".<br>Мақсаты. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>*Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Биік және аласа үйлерден аққан тамшылар".*<br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Киімдер дүкені" ойыны.<br>Мақсаты. Балаларға киім дүкені туралы ұғым беру; киім үлгілерінің атауларын жатқа білуге үйрету; сатушының қызметі туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі сыпайылық қағидалары туралы түсініктерін қалыптастыру; маусымға сай киіне білуге дағдыландыру.<br>*"Киімдер дүкені" ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>"Ақшақар".<br>Мақсаты. Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бағалай білуге дағдыландыру.<br>*Дидактикалық ойын: "Ақшақарды құрастыр".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Көктемгі жылғалар".<br>Мақсаты. Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен жүруге үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына еліктеп, қимыл ойындарын ойнауға қызығушылықтарын ояту.<br>*"Кім бірінші?" қимылды ойыны.* | **Жаратылыстану**<br>"Судың қасиеті".<br>Мақсаты. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>*"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.*<br>**Орыс тілі**<br>"Весна - красна". Время года - весна.<br>Цель. Учить понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов на тему «Весна», проговаривать предложения по образцу, учить выражать отношение к времени года с помощью повтора и проговаривания небольших четверостиший о таких природных явлениях, как капель.<br>*Упражнение "Капает капель" с использованием карандашей и бумаги.* | **Мүсіндеу**<br>"Қоянның".<br>Мақсаты. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қоянның дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>*Сергіту сәті. "Қоянның орманда жүреді".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Таза бұлақтай таза болайық"<br>Мақсаты. Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу дағдыларын пысықтау.<br>*"Қолшатыр ойыны" қимылды ойыны.* |

Сканировано с CamScanner

<table>
<tr>
<td>Серуен</td>
<td>Көктем келді.<br>Мақсаты: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге назар аудару.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға жем беру).<br>Мақсаты: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Арын арқылы", "Таяқша".<br>Мақсаты: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан".<br>Мақсаты: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту.</td>
<td>Табиғат өзгерістерін бақылау.<br>Мақсаты: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қарды белгілі бір жерде жинау)<br>Мақсаты: еңбекке баулу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!"<br>Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; топтың орындау дағдыларын дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер".<br>Мақсаты: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</td>
<td>Жүргізушінің жұмысын бақылау.<br>Мақсаты: жүргізушінің жұмысымен,көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.)<br>Мақсаты: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз","Торғайлар және көлік".<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін жақсарту.</td>
<td>Пошташының жұмысын бақылау.<br>Мақсаты: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау.)<br>Мақсаты: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн қояндары", "Қаздар".<br>Мақсаты: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</td>
<td>Көгершіндерді бақылау.<br>Мақсаты: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аулаңы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.)<br>Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ".<br>Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау.</td>
</tr>
<tr>
<td>Серуеннен оралу</td>
<td colspan="5">Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.</td>
</tr>
<tr>
<td>Түскі ас</td>
<td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.</td>
</tr>
<tr>
<td>Күндізгі ұйқы</td>
<td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.</td>
</tr>
<tr>
<td>Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары</td>
<td colspan="5">Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</td>
</tr>
<tr>
<td>Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)</td>
<td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.</td>
</tr>
</table>

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Гүлдер" имитациялық ойыны.**<br>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар. Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады. | **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".**<br>Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады. | **"Аюлар" пантомималық ойыны.**<br>Мақсаты: пантомимика дағдыларын қалыптастыру.<br>- Балалар, қараңдар, бұл не болды екен? О, бұл аюдың апаны ғой! Оның ішінде кішкентай қонжықтар ұйықтап жатыр. Қазір күн жылынып, қар еріді. Су тамшылары шұңқырға сіңіп кетті. Су қонжықтардың мұрнына, құлағына тамып жатыр. Қонжықтар аяқ-қолын созып, қорылдап, көздерін ашып, сыртқа шыға бастады. Бұтақтардың арасынан ашық жерге шықты. Күн сәулелері көзді соқыр етеді. Қонжықтар көздерін қолдарымен бүркеп тұр. Бірақ көп ұзамай көздері оған үйренді. Қонжықтар жан-жағына қарап, таза ауаны сезініп, алаңқайға жайбарақат ойнап жүр. Мұнда көп қызық бар екен! Әрі қарай импровизация жасауға болады. | **Драматизация.**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналау. | **Балалардың жеке-дара іс-әрекеттері**<br>(құрылыс материалдарымен ойнау, өздерінің қалаған ойын әрекеттері). |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Тоқта!" (3-4 рет ойнатылады)<br>Мақсаты: балаларды жүгіруге, допты ұстауға, далдікке жаттықтыру.<br>Барысы: педагог жүргізушіні таңдайды. Жүргізуші допты мүмкіндігінше жоғары лақтырады және оны ұстап алуы керек. Ол допты ұстап алған кезде, қалған ойыншылар аланда жүгіре бастайды. Жүргізуші допты ұстап алып: "Тоқта!" - деп айта салысымен, ойыншылар тоқтайды. Жүргізуші допты мүмкіндігінше жақын тұрған ойыншыға лақтырады. Егер тимесе, доптың артынан жүгіреді, ал қалған ойыншылар қайтадан жан-жаққа жүгіреді. Жүргізуші тағы да: "Тоқта!" дейді. Егер жүргізуші көзделген балаға допті тигізсе, екеуі орындарымен ауысады. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек:<br>Сиыр мөңірейді,<br>Жолбарыс ақырады,<br>Жылан ысылдайды,<br>Маса ызыңдайды,<br>Ит үреді,<br>Қасқыр ұлиды,<br>Мысық миялайды,<br>Шошқа қорсылдайды. | **"Су" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту.<br>"Су" (Тұрсын Елеусізұлы)<br>Асыр салып баладай,<br>Зыр жүгіріп ағады.<br>Ақ сүт берген анадай<br>Сусындатар даланы. | **"Көктем" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту.<br>"Көктем" (Кемек Ыбыраев)<br>Бұлбұл сайрап шат үнді,<br>Ну тоғайға шақырды.<br>Таудан аққан өзен де<br>Бар даусымен "ақырды".<br><br>Жайраңдасып жас-кәрі,<br>Құстар келе бастады.<br>Қыс киген ақ шапанды,<br>Көктем жыртып тастады. | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.**<br>**"Бәрін байқау" (елеу, көру).**<br>Мақсаты. Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 секунд ашып тұрып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетіңіз. Балалардан қандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз. | **Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсаты. "Көктем" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу." | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". | Жаднама.<br>"Отбасына жағымды атмосфера сыйлау". | "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
| А[illegible] намін | №27 | | | | |
| [illegible]ері | 11.03-15.03.2024ж | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | Салт-дәстүрлер және фольклор / Казахские народные традиции и обряды / Kazakh folk traditions and rituals | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; сөйлеуді дамыту мен тәрбиелеуде проблемалары бар балалары бар ата-аналарға арналған кеңестер беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне машықтандыру. |
| | **Иллюстрациялық суреттер қарастыру.**<br>Мақсаты. "Салт-дәстүрлер" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | | **"Түйме" үстел үсті ойыны".**<br>Ойын барысы: балалар жұптасып ойнайды. Олардың алдарында екі бірдей түймелердің жинағы жатыр. Әрбір ойыншыда өз ойын алаңы бар – ол тор көзге бөлінген текше. Ойынды бастаушы өз алаңына үш түйме тастайды, екінші ойыншы оны қарап, әрбір түйменің орналасуын есте сақтап қалуы керек. Осыдан кейін бірінші ойыншы өзінің алаңын қағазбен жасырып, ал екінші ойыншы өз алаңында бірінші ойыншының түймелерінің орналасуын бұлжытпай орналастырады. Ойында тор көз бен түйме көп болса, ойын күрделене түседі. | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін бекіту, жануарлардың дауысын ажыратуға үйрету.<br>Шарты: бір бала шығып бір жануардың дауысын келтіреді, қалған балалар қай жануардың дауысы екенін ажыратады. | **"Дәрігер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: адамның дене мүшелерін дұрыс атауға үйрету. "Мынау не?" сұрағына жауап беру.<br>Шарты: Қуыршақ дәрігер немесе бала дәрігер балалармен амандасады да қолын, басын, құлағын және т. б. дене мүшелерін көрсетуді ұсынады. |
| Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | | | | | |
| Таңғы жаттығу (5мин) | **Кешенді жаттығулар**<br>Бойыңды сергек, тік ұста,<br>Деміңді іште тез ал да.<br>Еркін-еркін тыныста.<br>Сол қолыңды соз алға,<br>Қол ұшына қара да.<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Оң қол да бос тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын. | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Үстелден тұрған кезде орындықты ақырын итеру; үлкендерге алғыс айту іскерліктерін жетілдіру; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | **"Бет орамалға лайық жамауларды табу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп еріләр.<br>Бәріміз жүрек айналып,<br>Киіз үй болып көрінер. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күнмен бірге тұрамыз ,<br>Құспен,бірге ән саламыз<br>Қайырлы таң! Ашық күн!<br>Көңілді біз тұрамыз.<br>Күлім қағып қолымды,<br>1,2,3 деп соғайын. | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Ойын барысы: үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп өсіруге болады. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Дастарқанды жаймыз"<br>Мақсаты. Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру.<br>*Дамытушы жаттығу.* "Танысаң - ата".<br>**Дене шынықтыру**<br>"Наурыз келді, алақай!"<br>Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтықта тура бағытта еңбектеуге үйрету.<br>"*Арқан тарту*" қимылды ойыны. | | **Дене шынықтыру**<br>"Наурыз құтты болсын!"<br>Мақсаты. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру.<br>"*Ақшамшық*" ойыны.<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Піспенан".<br>Мақсаты. Балаларды дөңгелек піспенан үлгілерімен таныстыру; дөңгелек пішінді бейнелеу амалдарына үйрету; нан өнімдері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>"*Дөңгелек*"*саусақ жаттығуы.* | **Құрастыру**<br>"Үй салайық".<br>Мақсаты. Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу.<br>"*Үй салайық*" *іс-тәжірибе жаттығуы.*<br>**Музыка**<br>"Наурыз мейрамы".<br>Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті мен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.<br>"*Сүттен жасалатын тағамдарды ата*" *дидактикалық ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Киіз үй".<br>Мақсаты. Балаларды киіз үйдің құрылысымен таныстыра отырып, оның бөліктері жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; киіз үйдің қасиеті мен ерекшеліктерін жатқа білуге дағдыландыру.<br>*Дидактикалық ойын: "Киіз үйді құрастыр".* | **Жаратылыстану**<br>"Наурыз гүлдері".<br>Мақсаты. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>"*Бәйшешекті құрастыр*" *дидактикалық ойыны.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Наурыз мерекесі келді".<br>Мақсаты. Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту.<br>"*Арқан тарту*" қимылды ойыны. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **"Көшелер".**<br>Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау).<br>Мақсаты: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал", "Үшінші артық".<br>Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты лақтыру және қағып алу.<br>Мақсаты: ептілікті, лақтыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | | **Көгершіндерді бақылау.**<br>Мақсаты: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту).<br>Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді ұшып жет", "Жапалақ".<br>Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау. | **Көктем кезіндегі аспанды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды аспанның түсін, бұлттардың өзгеруін, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу).<br>Мақсаты: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз".<br>Мақсаты: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам".<br>Мақсаты: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | **Құрылыс жабдықтарын бақылау.**<br>Мақсаты: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі техниканың рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту, ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару).<br>Мақсаты: еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал".<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Біртіндеп тұрғызу, шынығу процедуралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |
| **Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | "Не қалай дыбыстайды?" зейінге жаттығу.<br>- Балалар, қазір суреттер мен дыбыстар шығады, ал сендер суреттер мен дыбыстар бір-біріне сәйкес келе ме, соны табуларың керек.<br>Педагог балаларға үй жануарлары мен жабайы аңдардың суреттерін көрсете отырып, дыбыстау ерекшеліктерін алмастырып қойды. Балалар суреттегі жануарға қарап отырып, дыбысы сәйкес келмесе, айтуы қажет. Оның дыбысы болмаса, сол жануардың дыбысын өзі салып көрсетеді. | | **Музыка**<br>"Наурыз көктем".<br>Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топпа өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті мен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттыруды пысықтау.<br>*«Қамшы» ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Қонжықтар Наурызға дайындалады".<br>Мақсаты. Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыру, заттардың жуандығы жөніндегі білімін, жұп заттарды түстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсініктерін тиянақтау; Наурыз мейрамына қатысты әдептілік ережелерін пысықтау.<br>*Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Қонжықтарға бал берейік".*<br>Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі. | "Арқан тарту" қимылды ойыны.<br>Педагог:<br>- Балалар, өткен оқу қызметінде Наурыз мерекесіне байланысты "Арқан тарту" ойынын ойнадық. Бір топтың күші аздау болып қалды. Сол топ бүгін қайтадан күшін сынамақшы. Ол үшін бәрің де күштеріңді жинап, мықты болуларың керек. Ал балалар, арқан тартуға дайынсыңдар ма?<br>"Арқан тарту" ойынында педагог балаларды екі топқа бөліп, ортадан шекара сызығын бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, ортадағы арқанды тартулары тиіс. Қай топтың балалары арқанды өздеріне қарай тартып кетеді, сол топ жеңген болып есептеледі. | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Ыдыс-аяқ".<br>Мақсаты. Балаларды ортасы төмен түскен доғалы сызықты сызып, үстінң екі шетін көлденең түзу сызық арқылы қосуға жаттықтыру, жасалған жарты дөңгелектің бір жағына, немесе екі жағына тағы да тіке жатқан доғаларды қосып, ыдыс-аяқтар үлгісін салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".*<br>Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі. |
| Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| Серуен | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Түсті автокөліктер" (3-4 рет ойнатылады).<br>Мақсаты: балалардың денсаулығына, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру;ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; жол ережесін білуге және оны сақтауға тәрбиелеу.<br>Барысы: балалар алаңның бір жағында тұрады, екінші жағында автокөліктер тұрады. Балалар жолда ойнап жүреді. Автокөліктер келе жатқан кезде балалар орындарына бару керек. Орнына жете алмаған бала ойыннан шығады. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу | Педагог пен балалардың еркін тақырыпта әңгімелесулері. | | Артикуляциялық жаттығулар. | "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру. Барысы:<br>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. | "Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |

Сканировано с CamScanner

| Ортаның түрі | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта номері | | | | | |
| Күндері | 18.03-21.03.2024ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Өнер көзі - халықта / Народ - источник искусства / Arts | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; наурыз айында болатын ертеңіліктер мен мерекелік кештер туралы ақпарат беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің өрнек тақтайын (подоконник) дымқыл шүберекпен сүрту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің өрнек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. | **"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады.<br>Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. | **"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, пішіні, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.<br>Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді.<br>Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімімен киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе өлең орындау. |
| Таңғы жаттығу (5мин) | **Кешенді жаттығулар**<br>Бойыңды сергек тік ұста,<br>Деміңді ішке тез алда.<br>Еркін-еркін тыныста.<br>Сол қолыңды соз алға,<br>Қол ұшына қара да.<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Оң қол да бос тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын. | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Кастрөл бізде ботқа пісірді,<br>Оны орамалмен жауып тастады.<br>Ол оны орамалмен жауып, бізді күтеді,<br>Ботқаға кім бірінші келеді? | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ортаңғы топ | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
| Апта нөмірі | №11 | | | | |
| Күндері | 25.03-29.03.2024ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Көктем жаршысы - құстар / Птицы - вестники весны / Birds of spring | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтың аты-жөні | | | | | |
| **Апта күндері** | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Еңбекке баулу** (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балабақшадағы арналы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау, ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға дағдыландыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларға өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды түтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру. |
| **Ойындар** (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **Дидактикалық ойындар, үстел үсті ойындары.** | **Құрылыс ойындары.**<br>**"Аспалы көпір".** | **Үстел үсті ойындары: пазлдар.** | **"Құстар фабрикасы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. | **"Кім шапшаң?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: есту қабілетін дамыту, балаларды дауысқа елiктiру. |
| **Таңғы жаттығу** (5мин) | **Кешенді жаттығулар**<br>Бас бармақ бастық екен,<br>Сұқ саусақ сақтық екен,<br>Ортан қол ойшыл екен,<br>Аты жоқ саусақ тойшыл екен,<br>Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен.<br>Бастық басқар, сақтық сақтар,<br>Ойшыл ойла, тойшыл тойла.<br>Саусақтарды бүгеміз,<br>Саусақтарды бүреміз.<br>Бүгін, бүрін саусақты,<br>Сергіп қалдық, міне, біз. | | | | |
| **Таңғы ас** (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Кел, кел, кел, кел!<br>Күңгірт болмаңдар, кастрөлдер,<br>Шуламаңдар, ысқырмаңдар,<br>Тәтті ботқаны пісіріңдер.<br>Тәтті ботқаны пісіріңдер,<br>Біздің балаларға тамақ беріңдер! | | | | |
| **Ойындар, оқу қызметіне** | **ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Қарлығаш туралы тақпақ жаттау".<br>Мақсаты. Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру.<br>**Сурет салу**<br>"Көктем сыйлаған көйлек".<br>Мақсаты. Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Күн денесін құрайық".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Қарлығаштай қайратты".<br>Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеуге үйрету.<br>"*Пойыз*" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Аллайық, аналарды бәріміз!"<br>Мақсаты. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.<br>"*Мысық пен торғайлар*" ойыны.<br>**Математика негіздері**<br>"Көктемгі сыйлықтар".<br>Мақсаты. Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.<br>*Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Әдемі бөлбеуді жинайық".* | **Көркем әдебиет**<br>"Ана" (өлең) Өтебай Тұрманжанов.<br>Мақсаты. "Ана" өлеңімен таныстыру; Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы білімдерін қалыптастыру.<br>"*Мейірім ұшыны*" ойыны.<br>**Дене шынықтыру**<br>"Қайратты боламыз".<br>Мақсаты. Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудағы дағдыларын дамыту.<br>"*Том мен Джерри*" қимылды ойыны.<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Құстың балапаны".<br>Мақсаты. Балаларға көктемде жылы жақтан қайтып келетін жыл құстары туралы мәліметтер беру; құстардың жалпы дене құрылысы жөнінде білімдерін кеңейту.<br>"*Балапан*" саусақ жаттығуы. | **Құрастыру**<br>"Бантик таққан балапан".<br>Мақсаты. Балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру.<br>*Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Бантикті ойыншыққа сыйлайық".*<br>**Музыка**<br>"Анашым, анажаным".<br>Мақсаты. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.<br>"*Анамызға гүл сыйлаймыз*" *дидактикалық ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Торғай".<br>Мақсаты. Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.<br>*Дидактикалық ойын: "Қыстайтын құстарды топта".* | **Жаратылыстану**<br>"Көктеммен бірге құс келді".<br>Мақсаты. Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.<br>"*Жыл құстарын топта*" *дидактикалық ойыны.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Биік секіреміз".<br>Мақсаты. Балаларда бір-бірден, шеңберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тіпнен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту.<br>"*Секірейік, шаршамайық*" қимылды ойыны. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айдаһар".<br>Мақсаты: балаларды епттілікке баулу.<br>Барысы: балалар барлығы бір қатарға, біреуі артына бірі тұрады. Қатар басында тұрған бала айдаһар "басы" болады, ол өзінің "құйрығын" ұстап алу керек. Қатар басында тұрған бала, қатар соңында тұрған баланы ұстап алса, екеуі орнымен ауысады. Барлық балалар айдаһардың "басы" болғанша дейін ойын жалғаса береді. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Көктем" тақырыбында әңгімелесу** (иллюстрацияларды қарастыру).<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты: баланың сезік қорын достық сезі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. | **Жыл мезгілі жайлы сұрақтар.**<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | **"Сиқырлы қыпқалам".**<br>Мақсаты. Дайын суреттерді бояу. | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Бір ақ шымшық,<br>Екі ақ шымшық,<br>Үш ақ шымшық,<br>Төрт ақ шымшық. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | Жадынама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Домалысты қалай өнімді өткізуге болады?" |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру. | Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу. | Сұрақ жауап ойыны. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу<br>Армысыз, қайырымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейірімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шуылаулы Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан аппақай! | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқыраған қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата анамыз,<br>Қайырлы таң балалар! |

Сканировано с CamScanner